ҚАУЛЫ

2026 жылғы 03 наурыз іс № 2799-26-00-2а/124 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші судья Т.С.Уразова,

судьялар Э.Б.Акбаев және Г.А.Арыстанова болып,

талап қоюшының өкілі С.М.Орынғалиеваның қатысуымен, ашық сот отырысында талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - ММ) жауапкер «Полимер-Тех» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - ЖШС) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы бойынша Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 27 қарашадағы шешіміне талап қоюшының берген апелляциялық шағымы бойынша электрондық азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-сі жауапкер «Полимер-Тех» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгініп, онда жауапкер «Полимер-Тех» ЖШС-нің конкурсқа қатысуға 2025 жылғы 04 маусымда өтінім бергенде жалға берушінің иелегінде болмаған «КАМАЗ 45142 011 15» маркалы LH00006518 мемлекеттік тіркеу номері 769АТ07 техникасын көрсетіп, анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанын негізге алып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 27 қарашадағы шешімімен «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-нің жауапкер «Полимер-Тех» ЖШС-гін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-сі апелляциялық шағымында соттың шешімімен келіспей, оның заңдылығы мен негізділігін даулап, іс бойынша берілген талап қоюда көрсетілген негіздерді көрсетіп, соттың шешімінің күшін жоюды, тараптарынан берілген апелляциялық шағымды қанағаттандыруды сұраған.

Іс бойынша барлық тарап істі қараудың уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген, алайда жауапкер сот отырысына белгісіз себептермен қатынасқан жоқ, одан сот отырысына қашықтықтан қатынастыру туралы өтініш түспеген.

Сот алқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 418-бабының 2-бөлігі негізінде аталған тұлғаның қатыспауы істі талқылауға кедергі болмайды деп танып, істі оның қатынасуынсыз қарауды ұйғарды.

Талап қоюшының өкілі С.М.Орынғалиеваның апелляциялық шағымды қолдап берген түсініктерін, шағымның уәждерін тексеріп, ұсынылған материалдар бойынша істің нақты мән-жайларының анықталуының, материалдық құқық нормаларының қолданылуы мен түсіндірілуінің дұрыстығын, сондай-ақ істі қарау мен шешу кезінде азаматтық процестік заң нормаларының сақталуын тексеріп, сот алқасы төмендегідей тұжырымға келеді.

АПК-нің 427-бабының 1-бөлігінің 1), 2), 3), 4) тармақтарына сәйкес, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымының дұрыс айқындалмауы және анықталмауы; бірінші сатыдағы сот анықтаған, іс үшін маңызы бар мән-жайлардың дәлелденбеуі; бірінші сатыдағы сот шешімінде баяндалған қорытындылардың істің мән-жайларына сәйкес келмеуі; материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы негіз болып табылады.

Іс бойынша мұндай кемшіліктер орын алған.

Іс материалдарынан анықталғандай, «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ 2025 жылғы 28 мамырда «Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай-бақшасы» КМҚК үшін мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялады. Сатып алу сомасы 31 356 064 теңге. Конкурсқа қатысуға өтінішер 2025 жылғы 02 маусым 2025 жылғы 10 маусым аралығында қабылданды. Осы конкурсқа қатысуға жауапкер өз өтінімін жолдаған.

Конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасында «Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына» сәйкес материалдық ресурстар көрсетілген, соның ішінде әлуетті өнім берушіде алдынғы тиегіш, борттық автомобиль және 2 жұмысшы болуы қажет.

Конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасы негізінде әлеуетті өнім беруші «Полимер-Тех» ЖШС-нен материалдық ресурстар бойынша «ErQanatGroup» ЖШС-нен 2022 жылғы 19 қазандағы №03/22 Арнайы техниканы жалға алу шарты негізінде жалға алынған «КАМАЗ 45142 011 15» LH00006518 мемлекеттік белгі 769AT07 техникасын ұсынған.

Талап қоюшы әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан анықтау мақсатында 2025 жылғы 12 маусымдағы №06-01-03-04-3/1099 шығыс хатымен Батыс Қазақстан облысының полиция департаментіне «КАМАЗ 45142 011 15» LH00006518 мемлекеттік белгі 769AT07 техникалық төлқұжатының шынайылығын растау үшін сұрау хат жолдаған. Аталған мекеменің 2025 жылғы 13 маусымдағы №1337 кіріс хатымен аталған техника 2025 жылғы 28 сәуірде тіркеу есебінен шығарылғандығы жөнінде жауап хат алынды.

Құжатқа қол қойылған: Уразова Т. С., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Ақбаев Э. Б., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Арыстанова Г. А., 11.03.2026
2799-26-3-2/124

Яғни, «Полимер-Тех» ЖШС-гі конкурс бойынша өтінімін ұсынған күні бұл техника жалға берушінің иелігінде болмаған. Аталған кемшіліктерді анықтаған соң, мемлекеттік сатып алулар аясындағы заңнамаға сәйкес талап-қоюшы осы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі -Заң) 3-бабының 1) тармақшасына сәйкес, анық емес ақпарат - біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 8-бабының 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Заңның 11-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай-ақ жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіден шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген материалдық және еңбек ресурстарының болуын талап етуге құқылы.

Заңның 14-бабының 1-2-тармақтарына сәйкес, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Құжатқа қол қойылған: Арыстанова Г. А., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Акбаев Э. Б., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Уразова Т. С., 11.03.2026
2799-26-3-2/124

Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтай алады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші: 1) біліктілік талаптары бойынша; 2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның 11-бабы 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Дауланып отырған бірінші сатыдағы соттың шешімімен талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-нің жауапкер «Полимер-Тех» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы төмендегі негіздермен қанағаттандырудан бас тартылған. Нақты тоқталғанда, шешімде көрсетілгендей Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтай алады. Осы баптың 3-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің, өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпаратты беру фактісін анықтаған уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары осындай факт анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл жөнінде: 1) егер мұндай факт мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғаннан кейін анықталған болса, тапсырыс берушіні;

2) егер мұндай факт мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін анықталған болса, ұйымдастырушыны, бірыңғай ұйымдастырушыны жазбаша хабардар етеді. Бұл ретте жазбаша хабарламаға осы фактіні растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілуге тиіс. Көрсетілген нормалардан көрінгендей, анық емес ақпарат автоматты түрде өнім берушіні жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізуге негіз болмайды, яғни анық емес ақпарат тек біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға

Құжатқа қол қойылған: Уразова Т. С., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Ақбаев Э. Б., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Арыстанова Г. А., 11.03.2026
2799-26-3-2/124

ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты анық емес ақпаратты ғана негіз ретінде қарастырылады. Осы ақпараттың конкурстық баға ұсынысына әсер еткені дәлелденуі тиіс. Мұндағы баға ұсынысы - өнім берушінің конкурстық өтінімде ұсынған бағасы. Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға: әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы туралы; төленген салықтардың көрсеткіштері туралы; тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар жатады. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар және оларды есептеу Қағидаларда айқындалады.

Жауапкер «Полимер-Тех» ЖШС -гі өтінімінде материалдық ресурсы туралы «ErQanatGroup» ЖШС-нен 2022 жылғы 19 қазанда №03/22 Арнайы техниканы жалға алу шарты негізінде жалға алынған «КАМАЗ 45142 011 15» LH00006518 мемлекеттік белгі 769AT07 техникасын ұсынған.

Талап қоюшы 2025 жылғы 13 маусымдағы Батыс Қазақстан облысының полиция департаментінің № 1337 хатына сәйкес аталған арнайы техниканың 2025 жылғы 28 сәуірде тіркеу есебінен шығарылғандығы себепті, жалға алу шартының жасалуын анық емес ақпарат деп санайды.

Нормативтік қаулыда өнім беруші тарапынан біліктілік талаптары бойынша немесе құжаттар бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін кез келген ақпарат өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз бола алатыны көрсетілген. Бұл тұрғыда, анық емес ақпарат өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер етуі, яғни мемлекеттік сатып алу конкурсында жеңімпаз болып танылуына әсер етуі міндетті болып табылады.

Аталған ашық конкурс бойынша жауапкер «Полимер-Тех» ЖШС-нің жеңімпаз болып табылмағанын, оның конкурсқа тапсырған құжаттамалары конкурстың нәтижесіне ықпалы болмағанын, талап қоюшының құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірілмегенін назарға алып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз жоқ және талап қою қанағаттандырудан бас тартуға жатады деген тұжырымға келген.

Апелляциялық саты соты алқасы АПК-нің 413-бабының 1-бөлігі негізінде дауланып отырған сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексере келе, бірінші сатыдағы сот іс бойынша қойылған талапқа қатысты істі дұрыс шешу үшін маңызды мәнжайлардың шеңберін жалпы алғанда дұрыс анықтап, тараптардың тапсырған дәлелдемелерін процестік

Құжатқа қол қойылған: Арыстанова Г. А., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Ақбаев Э. Б., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Уразова Т. С., 11.03.2026
2799-26-3-2/124

заңды сақтаумен зерттей тұра, оларға дұрыс құқықтық баға бермей, нәтижесінде қолданылуға жататын заң нормасын қате қолданып, іс бойынша дұрыс, заңды және негізді деп саналуға жатпайтын шешім қабылдаған деп санайды.

Бірінші сатыдағы сотпен талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданғанда істің жоғарыда аталған мән-жайлары тиісті дәрежеде тексерілмеген және бұған дұрыс құқықтық баға берілмеген.

Істің бұл тұрғысында жауапкер «Полимер-Тех» ЖШС-нің конкурсқа қатысуға 2025 жылғы 04 маусымда өтінім бергенде жалға берушінің иелегінде болмаған «КАМАЗ 45142 011 15» маркалы LH00006518 мемлекеттік тіркеу номері 769АТ07 техникасын көрсетіп, анық емес ақпарат бергенін нақты бекітеді.

«Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-сі мен 2025 жылғы 28 мамырда жарияланған мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген жұмыстарды орындау үшін арнайы техникасы қажет екені байқалады. Бұндай жағдайда талап қоюшы «Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-нің анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанын негізінде, жауапкер «Полимер-Тех» ЖШС-гін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуі заңды және негізді болып табылады. Бірінші сатыдағы соттың шешімінде көрсетілген аталған ашық конкурс бойынша жауапкер «Полимер-Тех» ЖШС-нің жеңімпаз болып табылмағаны, оның конкурсқа тапсырған құжаттамалары конкурстың нәтижесіне ықпалы болмағаны, талап қоюшының құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірілмегені турасындағы уәждері, талап қоюшы «Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-нің тарапынан іс бойынша қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартуға жеткілікті негіз бола алмайды.

Демек, дауланып отырған соттың шешімінің күші жойылуға, талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылуға, сәйкесінше талап қоюшы «Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» ММ-нің апелляциялық шағымы негізділігіне байланысты қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 3-бабының, 424-бабының 1-бөлігінің 3)-ші тармағын, 425, 426, 431-баптарының талаптарын басшылыққа ала отырып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 27 қарашадағы шешімінің күші жойылсын.

Құжатқа қол қойылған: Арыстанова Г. А., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Акбаев Э. Б., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Уразова Т. С., 11.03.2026
2799-26-3-2/124

Талап қоюшы «Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Полимер-Тех» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

«Полимер-Тех» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Полимер-Тех» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндрілсін.

Талап қоюшы «Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Қаулыға тараптар, іске қатысатын тұлғалар, мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар және олардың өкілдері Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 436,440,441-баптарының талаптарын сақтай отырып, ол заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасының азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотына шағым беруге құқылы

Төрағалық етуші Т.С.Уразова

Алқа судьялары Э.Б.Акбаев

Г.А.Арыстанова

Құжатқа қол қойылған: Арыстанова Г. А., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Акбаев Э. Б., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Уразова Т. С., 11.03.2026
2799-26-3-2/124

Құжатқа қол қойылған: Уразова Т. С., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Ақбаев Э. Б., 11.03.2026
Құжатқа қол қойылған: Арыстанова Г. А., 11.03.2026

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911

2799-26-3-2/124